

**Астана қаласы мәслихатының 2007 жылғы 09 ақпандағы № 341/43-III "Астана қаласында иттер мен мысықтарды ұстау Ережесі туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Астана қаласы мәслихатының 2007 жылғы 12 шілдедегі N 407/50-III Шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2007 жылғы 30 шілдеде нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 474 болып енгізілді. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 447/62-V шешімімен

**Ескерту. Шешімнің күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 23.12.2015 № 447/62-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Мәслихаттың 2007 жылғы 09 ақпандағы "Астана қаласында иттер мен мысықтарды ұстау Ережесі туралы" № 341/43-III шешіміне Астана қаласы прокуратурасының қарсылық білдіргенін қарап, Астана қаласының мәслихаты

**Ш Е Ш Т І :**

1. Астана қаласы мәслихатының 2007 жылғы 09 ақпандағы № 341/43-III "Астана қаласында иттер мен мысықтарды ұстау Ережесі туралы" шешіміне ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 464 нөмірмен тіркелген, 2007 жылғы 20 наурызда N 50-51 "Вечерняя Астана", 2007 жылғы 20 наурызда N 51 "Астана хабары" газеттерінде жарияланды) келесі өзгерістер е н г і з і л с і н :

75 тармақта "немесе жануарды далаға тастағаны үшін" деген сөздер ж о й ы л с ы н ;

2007 жылғы 09 ақпандағы N 341/43-III "Астана қаласында иттер мен мысықтарды ұстау Ережесін бекіту туралы" шешімі "Астана қаласында иттер мен мысықтарды ұстау Ережесі туралы" деп аталсын.

2. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді.

*Астана қаласы мәслихатының  
сессия төрайымы*

*Астана қаласы мәслихатының  
хатшысы*

